

**"Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 264 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 4 қарашадағы № 874 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 264 қаулысына өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында:

реттік нөмірлері 52, 53 және 54-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                       |                   |                                                                                                          |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 52 | Қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жаза тағайындау тетіктерін жетілдіру                                                                                                                                                                                                                                                                   | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2023 жылғы наурыз | Әділетмині, ЖС (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), РАА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |
| 53 | Қылмыстық заңды Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстерін бір мезгілде түзете отырып, оның ішінде іс-әрекеттердің қоғамдық қауіптілігіне мөлшерлес қылмыстық заң санкцияларын өзектілендіруді, қылмыстық жазаларды тағайындау және орындау тәртібін ұтымды етуді, қылмыстық процеске қатысушылардың мәртебесі мен өкілеттіктер | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2023 жылғы наурыз | Әділетмині, БП (келісу бойынша), ІІМ, ЖС (келісу бойынша), Әділетмині, СҚА (келісу бойынша), ҚМА (келісу |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                       |                   |                                                                                         |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|
|    | шеңберін қайта қарауды, төрешілдік пен сөзбұйдаға салуды төмендету үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жаңғыртуды көздеп оңтайландыру                                                                                                                                                                                                     |                                       |                   | бойынша), РАА (келісу бойынша)                                                          |
| 54 | Жазалардың қосымша түрлерін трансформациялап, жасалғаны үшін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінде қосымша жаза түрін міндетті түрде тағайындау көзделетін қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша адамдарды қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босату кезінде қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары ретінде қолдану мүмкіндігін белгілеу | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2023 жылғы наурыз | Әділетмині, БП (келісу бойынша), ПМ, РАА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |

".  
,"

реттік нөмірі 67-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

|    |                                                                                                                                                                   |                                       |                   |                                                                |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-------------------|----------------------------------------------------------------|
| 67 | Қоғамдық жұмыстарға байланысты жазаны орындауға, оның ішінде сотталғандар үшін арнайы айырым киімін киіп жүру міндетін енгізу арқылы жариялылық элементтерін беру | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2023 жылғы наурыз | ПМ, Әділетмині, БП (келісу бойынша), РАА (келісу бойынша), ЖАО |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-------------------|----------------------------------------------------------------|

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК